




Әулікөл аудандық кітапханасы  
Әдістеме-библиографиялық бөлімі  
Аулиекольская районная библиотека  
Методико–библиографический отдел

## Жаңа кітаптар


2021 жыл



**Мәсімханұлы, Д.**

**Сап, сап көңілім... [Мәтін] / Д. Мәсімханұлы. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2020. – 352 б.**

Дүкен Мәсімханұлының «Сап, сап, көңілім...» атты жыр жинағына соңғы жылдары жазған өлең, поэмаларымен бірге қытай және өзге де шетел ақындарынан тәржімалаған аударма өлеңдері топтастырылып отыр. Жинақтың денін ақынның ел мен жер, Отан туралы азаматтық мінез бен патриоттық рухқа толы жырлары құрайды. Сондай-ақ жастық шақ туралы жыр-шумақтары мен махаббат лирикаларына да кітаптан мол орын берілген.



**Ақыш, Н.**

**Аласа таулар аясында [Мәтін ]: роман / Н. Ақыш. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2020. – 320 б.**


**Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару және тарату**  
Бұл роман қызықты оқиғалар мен тосын эпизодтарға толы. Жас кейіпкердің есею, өсу жолдары, қырдағы ел суреттері түрлі тартыстар арқылы көркем тілмен бейнеленген.



**Смайыл, А.**

**Тәңір соты [Мәтін] : повестер мен драмалық шығармалар / А. Смайыл. — Алматы: Алматы-Болашақ, 2020. — 256 б.**


«Тәңір соты» драмалық поэмасында халық, тұлға, ерлік пен сатқындық тайталасады. Сақ, ғұн ғасырларының ащы шындығы арқылы бүгінгі ақиқат ашылды.



**Шиллер, Ф.**

**Жарық пен жылу [Мәтін] : өлендер мен балладалар / Ф. Шиллер ; ауд. Е. Ашықбаев. — Тараз: Сенім, 2020. — 112 б.**

Әлем әдебиеті классиктерінің бірі, неміс ақыны, философ, көркемөнер теоретигі және драматург, тарих профессоры және әскери дәрігер, романтизмнің көрнекті өкілі Фридрих Шиллердің бұл аударма кітабына таңдаулы өлендері мен балладалары жинақталған.




**Бектурсунов, Н.**

**Патриотами не рождаются [Текст] : сб. о военно-патриотическом воспитании / Н. Бектурсунов, Т. Макипов. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 120 с.**

Сборник посвящен солдату и матросу, сержанту и молодому офицеру, а также тем, кому еще предстоит произнести чеканные слова воинской присяги.

В сборнике отражаются боевые традиции сегодняшних Вооруженных Сил, повествуется о важности строгой солдатской дружбы, о том, как юноши становятся мужчинами, как закаляется в мирные дни характер наследников великих батыров и участников Великой Отечественной войны.



**Раев, Қ.**

**Алаштың арда ұлдары [Мәтін] : мақалалар және зерттеулер / Қ. Раев. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 112 б.**

Бұл еңбекте Алаш көсемдерімен қатар жүріп, халқына қалтқысыз қызмет еткен бірқатар азаматтардың өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректер қамтылған.



**Кристи, А.**

**Жеті циферблаттар құпиясы [Мәтін] : детектив-роман / А. Кристи; ауд. З. Телеуова. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 160 б.**


Бұл детектив романда жиырманшы ғасырдың бір топ «алтын жастарының» тыныс-тіршілігі суреттеледі.

Ішкі істер министрлігінде қызмет жасайтын бір топ жігіттер демалыстарын бірге өткізеді. Түске шейін ұйқыдан бас көтермейтін жас жігітті ерте тұрғызу үшін олар ойын ойнамақшы болып, сол ойыннан от шығып, мистер Уэйд атты жас жігіт қайтыс болады. Оның ізін досы Ронни құшып, жұмбақ өліммен көз жұмады. Ронни қолында қайтыс болған леди Бандл оның соңғы демі таусылар алдындағы «Жеті Циферблат», «Джимми Тесайгер» деген сөздерін көкірегіне түйіп алып, осы жұмбақ өлімнің сырын шешуге белсене араласады.



**Өрт жылдардың отты жандары [Мәтін] : Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстаннан соғысқа шақырылған әйелдер / құраст. К. Жунусова. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. — 104 б.**


Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жж.) туралы мағлұматтарды «Халық ескерткіштері» атты ресейлік ірі интернет-порталының негізінде құрастырушы Қазақ ССР-інің әскери комиссариатымен сол сұрапыл жылдары соғысқа шақырылған 50-ден астам қазақ, өзбек, ұйғыр, татар, орыс, беларусь, украин, поляк, еврей сынды ұлт өкілдерінен шыққан нәзік жандылардың ерліктерін тізімдеп, жүйелі көрсеткен.



**Рысбек, Қ.**

**Саңлақ [Мәтін] : спортшы дарабоздардың жеңіс жолы туралы деректі жинақ / Қ. Рысбек. — Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. — 80 б.**

Қыдырбек Рысбектің бұл кітабына ел спортының айтулы тұлғалары туралы очерктер мен мақалалар еніп отыр.



**Оспан, С.**

**Балуан Шолақ [Мәтін] : өмірі мен музыкалық мұрасы / С. Оспан – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 176 б.**

Көнекөз ақылы дария, есті қариялардың әңгіме-естеліктерінен Балуан Шолақтың мағыналы ғұмырына, сұлу өнеріне, трагедиялық тағдырына қатысты мол, тың деректер жинақтауы – осынау еңбектің басты сипаты.




**Сарай, Ә.**

**Шығармалары [Мәтін] : роман-трилогия. Ұлу аралы. 1 кітап. Т. 4 : Еділ-жайық / Ә. Сарай – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 480 б.**

«Ұлу аралы» романы бастан-аяқ Ахтан Мұхамбедиев, Избасар Жанекенов, Қажығали Жарқынбаевтардың қиын-қыстау тағдыры, шексіз төзімділіктері мен уәдеге берік қайсарлықтары арқылы дамып, шиеленісе түсіп, өздері де жете түсінбеген төңкеріс жолында жау қолынан қаза табады.






**Перес-Реверте, А.**

**Құрсау, немесе Өлім үстіндегі ойын [Мәтін] : роман / А. Перес-Реверте ; ауд. С. Бақтыгерейұлы – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 480 с.**


Романда испан қоғамы құрылымының өзін өзгертуге қатысты саяси бүліншіліктен бастап, нәзік махаббат сезіміне дейінгі қарулы қақтығыстардың, адами рухани құбылыстардың кенеттен өзгеріп отыруы оқырманның бір селт еткізсе, ол өзгерістердің ақиқат өмірдің шынайы бейнесіндей кең өрісте, бірақ шашырамай, тұтастықта көркем суреттелуі тағы да ерекше сүйсінтеді.



**Есім, Ғ.**

**Дүниетаным баяны [Мәтін] / Ғ. Есім – Алматы : Дәуір, 2020. – 400 б.**


Кітап мұсылмандық дүниетаным баянына арналған. Фәлсафаның негізін қалаушы IX ғасырда өмір сүрген араб ғұламасы Әл-Киндиден бастап, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұн, хакім Абай, Шәкәрім және т.б. ғұламалардың еңбектеріне шолу-талдау жасалған.



**Гейне, Г.**

**Теңіздегі дауыл [Мәтін] : аудармалар / Г. Гейне; ауд. С. Нұржан — Алматы: Алматы-Болашақ, 2020. — 144 б.**

Бұл кітапқа ақынның таңдамалы лирикалары мен балладалары топтастырылған.



**Медетбек, Т.**

**Аудармалар [Мәтін] : ой-толғамдар / Т. Медетбек — Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. — 320 б.**

**Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару**

Бұл кітапқа көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбектің аты әлемге белгілі бельгиялық ақын Э. Верхарн, француз ақыны Ш. Бодлер, орыс ақыны А. С. Пушкин, серб ақыны Р. Загович және басқа да ақындардың шығармаларынан аударған өлеңдері мен Александр Шмидтің аудармасы мен Т. Медетбектің де өз өлеңдері топтастырылып беріліп отыр.






**Айдабосын, Е.**

**Тибет аруы [Мәтін] : әңгімелер мен хикаяттар / Е. Айдабосын – Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. – 384 б.**


«Тибет аруы» деп аталатын бұл кітапқа жас қаламгердің таңдаулы әңгіме-хикаяттары топтастырылған. Жиырма шақты туындының тақырыбы саналуан, кейіпкерлері бір-біріне ұқсамайды.



**Таңжарық, Т.**

**Түн парактары [Мәтін] : өлеңдер / Т. Таңжарық – Алматы : Жалын, 2008. – 64 б. – (Жас толқын).**

Ақынның алғашқы жыр жинағына өмір мен өлім, ақ пен қара арпалысындағы сезімнің күңгірт бояулары шарпысқан жүректен шымырлай туған өлеңдері еніп отыр.




**Отарбаев, Р.**

**Айна-гүмбір [Мәтін] : пьесалар / Р. Отарбаев – Астана : Фолиант, 2013. – 512 б.**

### **Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару**

Рахымжан Отарбаевтың бұл кітабына пьесалары топтастырылған. Тарихтағы табандылық пен тамырдағы тектілікті ұштастыра отырып, адам мен қоғам, тұлға мен тобыр тартысқан замана шындығын бүкпесіз суреттеген автордың әр туындыдағы айтар ойын ойлы оқырман өзі саралар.



**Омарова, М.**

**Көмбе нанның дәмі [Мәтін] / М. Омарова – Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. – 256 б.**

Прозасы, әсіресе қысқа әңгімелері арқылы кеңінен таныс жазушы Мадина Омарованың бұл жинағында автордың драмалық шығармалары мен мистикалық әңгімелері ұсынылып отыр.

**Кітапханаға келіңіздір, көріңіздер, оқыңыздар!**

**Құрастырған: А. Мукушова – Әулиекөл орталық  
кітапханасының аға библиографы**